

«Тіл сақшысы» бірлестігі - оқу орнымызда мемлекеттік тілді дамыту, оның қолданыс аясын кеңейту және насихаттау мақсатында Гуманитарлық факультет, қазақ және орыс тілдері кафедрасының жанынан 2012 жылғы 18 қыркүйекте құрылған.

КЛУБТЫҢ МАҚСАТЫ:

- мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру;
- ҚР Тілдер туралы заңының талаптарын орындау;
- мемлекеттік тілдің қолданыс өрісін кеңейту;
- мемлекеттік тілде жазылатын көрнекі құрал, ақпараттық стенд, қабырға газеттерінің сауаттылығын қадағалауға атсалысу;
- мемлекеттік тіл арқылы қазақстандық отаншылдық рухты насихаттау.

Клуб құрамы барлық факультет студенттерінен тұрады. Құрамын жасақтау барысында факультет декандарының, деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының, қазақ тілінен сабақ беретін оқытушылардың ұсыныстары назарға алынды.

Клуб мүшелері С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған Республикалық «Жүрекке ыстық, көзге сүйік өз елім» атты мүшәйра мен мәнерлеп оқу сайысын ұйымдастырды. Аталмыш сайысқа Атырау, Ақтөбе, Алматы, Тараз, Шымкент, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Астана қалалары оқу орындарының студенттері қатысты. Сайыс туралы «Қазақ Радиосына» тікелей эфирде ақпарат беріліп, нәтижесі бірнеше республикалық, қалалық газеттерге жарияланды, университет сайтына ақпарат орналастырылды. Үздік деп танылған өлеңдер жинаққа ұсынылды.

Мемлекеттік тілді насихаттау мақсатында жүргізілетін университеттік, қалалық іс-шараларға атсалысу мақсатында клуб мүшесі экономика факультетінің 1-курс студенті Айжан Қожан «Желтоқсан оқиғасы жастардың көзқарасымен» атты қалалық сайысқа эссесін дайындап қатысып, «Нағыз желтоқсаншылар» қоғамдық қорының арнайы сыйлығымен және Алғыс хатпен марапатталды.

Клубтың қазіргі құрамы 19 студенттен тұрады.

Клубтың жетекшісі - қазақ және орыс тілдері кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к. Насыритдинова Ә.Н.

